

## Қазығұрт ауыл округі Қазығұрт елді мекенінің шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 33/220-V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 6 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 1 тамызда № 2754 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 1, 5 тармақтарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 18 қазандағы 2012 жылғы № 298 және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 20 қыркүйектегі 2012 жылғы № 6/58-V «Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданындағы Қазығұрт және Шарбұлақ ауылдық округтерінің шекараларын өзгерту туралы» Нормативтік құқықтық актілер тіркеу тізілімінде № 2143 тіркелген бірлескен қаулысы мен шешіміне сәйкес, ауданның ауылшаруашылығы және жер қатынастары мен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазығұрт аудандық мәслихаты **Ш Е Ш І М** **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт елді мекенінің шекарасының жалпы ауданы болып өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы С.С.Сманов*

*Аудан әкімі Б.Д.Қыстауов*

*Аудандық мәслихат хатшысы М.М.Момынов*